

Ерейментау ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерін аймақтарға бөлу сызбанұсқасы мен жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициентін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 5С-5/5-12 шешімі. Ақмола облысы Ерейментау ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 25 мамырда № 1-9-197 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 19 наурыздағы № 5С-36/6-15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 19.03.2015 № 5С-36/6-15 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 8, 11 баптарына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» кодексінің 387 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабының 1 тармағы 13) тармақшасына сәйкес және аудан әкімінің ұсынысы негізінде Ерейментау аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М Е Т Т І :

1. Қосымшаға сәйкес, Ерейментау ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерін аймақтарға бөлу сызбанұсқасы мен жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенті бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, әлеуметтік-экономикалық даму, экология және ардагерлермен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ерейментау аудандық
мәслихатының*

сессия төрағасы *А. Сырымбетов*

*Ерейментау аудандық
мәслихатының*

хатшысы *Қ. Махметов*

«КЕЛІСІЛДІ»

Ерейментау ауданының әкімі

Л.Ж.Дүйсенов

"Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Салық комитеті
Ақмола облысы бойынша
Салық департаментінің
Ерейментау ауданы бойынша
Салық басқармасы "

мемлекеттік мекемесінің бастығы Т.Н.Ахметуллин

Ерейментау аудандық маслихатының
2012 жылғы "24" сәуірдегі № 5С-5/5-12
шешімімен бекітілді

Ерейментау ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерін аймақтарға бөлу сызбанұсқасы мен жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенті

**Ескерту. Сызбанұсқа жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау
аудандық мәслихатының 28.10.2014 № 5С-32/2-14 (ресми жарияланған күннен
бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

аймақ №	Жер салығының базалық мөлшеріне ұсынылатын түзету коэффициенті	(Әкімшілік аумаққа) Аймаққа кіретін кадастрлық кварталдардың нөмірле мен атаулары
1	2	3
I	1,4	01-006-022 Тайбай ауылдық округі
	1,3	01-006-010 Еркіншілік ауылдық округі
	1,4	01-006-004 Новомарковка селолық округі
	1,2	01-006-004 Ақмырза селолық округі
	1,3	01-006-010 Торғай селолық округі
	1,32	Аймақ бойынша орташа маңызы
II	1,0	01-006-016 Күншалған селолық округі
	1,1	01-006-016 Ақсуат ауылы
	1,1	01-006-016 Олжабай батыр атындағы селолық округі
	0,9	01-006-022 Бозтал селосы
	0,9	01-006-022 Өленті селолық округі
	1,0	01-006-024 Бестоғай селолық округі
	1,0	Аймақ бойынша орташа маңызы
III	0,7	01-006-022 Қойтас селолық округі
	0,7	01-006-024 Бестоғай селолық округі
	0,7	01-006-030 Селетинское селосы
	0,7	Аймақ бойынша орташа маңызы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК